



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 03.05.2018 жылғы № 01- 2210 хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 28.04.2018 жылғы № 11-4392 хатына сәйкес (қоса тіркеледі), барлық орта білім беру ұйымдарында бірдей уақытта **2018 жылдың 15 мамыры күні сағат 18.30-да** «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде және Халықаралық отбасы күніне арналған **«Білімді ұлт- сапалы оқыту мен отбасы құндылығы»** жалпыұлттық ата-аналар жиналысы өтетіндігін хабарлайды.

Ата- аналар жиналысының мақсаты- жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жөніндегі мемлекеттік білім саясатын талқылауға ата- аналарды тарту.

Республикалық ата- аналар жиналысын өткізу үшін төмендегі ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуі қажет:

1. Жалпыұлттық ата- аналар жиналысына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілі, уәкілетті (ББСБД), жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары, қоғамдастықтар (ҮЕҰ, саяси партиялар, қоғамдық кеңестер, маслихат депутаттары) және БАҚ (әлеуметтік желілер, блогерлер) өкілдері қатысады;
2. Ата- аналар жиналыстары аудан орталықтары, ауылдық округтер мен дербес ауылдардағы мектептер базасында өткізіледі;
3. Мектеп басшылары ата- аналар жиналысын өткізуге көмек көрсету үшін педагогтар қатарынан волонтерлар (бағдарламадағы тақырыптар бойынша ерікті сөз сөйлеушілер) дайындайды;
4. Мектеп әкімшілігі ата- аналар қауымына ата- аналар жиналысы өтетіндігі туралы хабарлайды және ата- аналардың қатысуын қамтамасыз етеді;
5. Жиналыс өткізілетін мектепте музыкалық аппаратура, проектор, дыбыс күшейткіш құралдар (микрофондар) қойылуы қажет.

Қосымша: 6 бет тіркеледі.

Хат қосымша электронды түрде: жолданады.

Басшы

Е.А.Абуталипов